



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

***ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА***

***Жұбанова Ажар Ахметқызы***

*биобиблиографиялық көрсеткіш*

*Ақтөбе – 2021*

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*

*Ғылыми кітапхана*

*Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді  
автоматтандыру бөлімі*

*Жұбанова Аңсар Ахметқызы*  
*библиографиялық көрсеткіш*

*Ақтөбе – 2021*

ӘОЖ 57  
КБЖ 28(5Қаз)  
Ж 83

*Жұбанова Ажар Ахметқызы:*  
*биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты*  
*Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. –*  
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің*  
*ғылыми кітапханасы. 2021. – 19 бет.*

## *АЛҒЫ СӨЗ*

Ұсынылып отырған көрсеткіш жаратылыстану ғылымдарының Қазақ ұлттық академиясының академигі, жоғары оқу орындарының озат оқытушысы – 2007 «Құрмет» орденінің иегері, биология ғылымдарының докторы, профессор Жұбанова Ажар Ахметқызына арналған.

Биобиблиография ғалымның өмірбаяны мен ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтерін сипаттайтын материалдардан, ол жайлы әдебиеттерден тұрады. Жарияланған еңбектер хронологиялық реттілікте, әр жыл ішінде алфавит бойынша орналасқан.

Көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ  
ҒЫЛЫМДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ,  
ПРОФЕССОР ЖҰБАНОВА АЖАР АХМЕТҚЫЗЫНЫҢ  
ӨМІРІНІҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ  
КЕЗЕҢДЕРІ**

Жұбанова Ажар Ахметқызы 1941 жылы сәуір айының 5 жұлдызында Алматы қаласында дүниеге келген.

1958 ж. – Алма-Ата қаласының № 10 мектебін бітірген.

1958-1964 жж. – М.В. Ломоносов атындағы ММУ-нің биология-топырақтану факультетінде оқыған. Мамандығы – «Өсімдіктер физиологиясы».

1964-1966 жж. – С.М. Киров атындағы ҚазМУ-нің «Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы» кафедрасының аға лаборанты.

1966-1975 жж. – Қазақ КСР Денсаулық министрлігі Онкология және радиология ҒЗИ-дың «Ісік биохимиясы» лабораториясының кіші ғылыми қызметкері.

1975-1985 жж. – Алма-Ата зооветеринарлық институтының органикалық және биологиялық химия кафедрасының аға оқытушысы, доценті.

1986-1996 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің микробиология кафедрасының доценті.

1996-2001 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің Ғылыми кеңесінің Бас ғылыми хатшысы.

1996-2000 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің микробиология кафедрасының профессоры.

2000-2001 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің биология факультетінің деканы.

2001-2009 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің микробиология кафедрасының меңгерушісі.

2009 ж. – әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің биотехнология кафедрасының профессоры.

## *Ғылыми атағы мен дәрежелері*

- ❖ 1974 ж. (27-ші қараша) – АМН КСРО (Мәскеу қаласы) Экспериментальді және клиникалық онкология Институтында «Некоторые стороны липидного обмена при дисгормональных опухолях» тақырыбы бойынша биология ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады.
- ❖ 1980 ж. – «Биологиялық химия» мамандығы бойынша доцент дәрежесі берілді.
- ❖ 1995 ж. (19 мамыр) – ҚР ҰҒА Микробиология және вирусология институтында «Управление ростом и метаболической активностью иммобилизованных клеток микроорганизмов» тақырыбы бойынша биология ғылымдарының докторы дәрежесі үшін диссертация жұмысын қорғады.
- ❖ 1996 ж. – «Биология» мамандығы бойынша профессор атағы берілді.
- ❖ 2008 ж. – Қазақстанның Республикасы Ұлттық академиясының жаратылыстану ғылымдарының академигі атанды.

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ  
ҒЫЛЫМДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ,  
БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ПРОФЕССОР АЖАР АХМЕТҚЫЗЫ ЖҰБАНОВАНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Жұбанова А.А. – жаратылыстану ғылымдарының Қазақ ұлттық академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде микробиология кафедрасының профессоры, 1941 жылы дүниеге келген, 1964 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде биология-топырақтану факультетінің «Өсімдіктер физиологиясы» мамандығын тәмәмдаған.

1964-1966 жылдары – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде биология факультетінің «Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы» кафедрасының аға зертханашысы, 1966-1975 жылдары - ҚР Денсаулық министрлігі онкология және радиология ҒЗИ-да ісіктердің биохимиясы зертханасында кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 1974 жылы КСРО медицина ғылымдар академиясының Экспериментальді және клиникалық онкология институтында 14.00.14 «Онкология» мамандығы бойынша «Некоторые стороны липидного обмена при дисгормональных опухолях» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

1975 жылы Алматы зооветеринарлық институтының биохимия кафедрасында доцент қызметін атқарып, 1986 жылдың 1 қаңтарынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде микробиология кафедрасында өзінің педагогикалық қызметін бастады. Сол күннен бастап ол кісінің барлық ғылыми-педагогикалық қызметі осы жоғары оқу орнымен тығыз байланысты.

1995 жылы 03.00.07 – микробиология мамандығы бойынша «Управление ростом и метаболической активностью иммобилизованных клеток микроорганизмов» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 1996 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

1996-2001 жылдары микробиология кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінің хатшысы, 2000-2001 жылдары – биология факультетінің деканы, 2001-2009 жылдары – микробиология кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Профессор А.А. Жұбанованың Қазақстандағы жоғарғы білімді қайта құруда еңбегі зор, «Биотехнология», «Экология» және «Медико-биологиялық іс» типтік бағдарламаларын сараптауда оқыту әдістемесінің және тәрбиелеу жұмыстарының тиімділігі үшін жаңа оқыту формасын енгізуге, әдістемелік оқыту құжаттарын дайындауға атсалысты. Орыс және қазақ тілдерінде әдістемелік оқыту құралдарын, Ядролық Физика Институтымен бірігіп жүргізілген «Экологиялық дүрбелеңнен кейінгі топырақ биоремедиациясы» курсының бағдарламаларын жазды, бұл еңбек Қазақстанның Сорос фонды конкурсында жеңіске жетті. Қазақ және орыс тілдерінде студенттер, магистранттар мен PhD –докторанттарға өте жоғары деңгейде ғылыми-методикалық курстар оқыды.

Ғалым-педагог А.А. Жұбанова бірнеше рет Ресей, ҚХР, Испания, АҚШ, Пәкістан, Германия және т.б. мемлекеттерде өткен халықаралық конференциялар мен стажировкаларға қатысқан. Аахен университетінде (Германия) қолданбалы ғылымдар ғалымдарымен бірігіп 4 философия докторын (phD) дайындаған.



А.А. Жұбанованың ғылыми қызығушылығы микробиологияның, билтехнологияның және экологияның маңызды мәселелерін шешуге бағытталған. Ол кісінің кеменгерлігімен Қазақстан Республикасының 6 патентімен дәлелденген этанол, сүт қышқылы, микроорганизмдердің иммобилизденген клеткалары көмегімен ферменделген сусындар алу әдістері жасалды.

А.А. Жұбанованың ғылыми зерттеулерінің қатарында елеулі орынды топырақ және су биоремедиациясы мен экологиялық мониторингі технологиясының жасалуы алады. ЖШС «Химпромсервис-Актобе» полигон-жинақтаушысында қатты қалдықтарды зиянсыздандыру және жою бойынша әдістеме практика жүзінде іске асырылды; мұнай тотықтырушы бактериялар арқылы темір жолының ұсақталған тас қабатын мұнай өнімдерінен тазалау жүргізілді.

2000 жылдан бастап А.А. Жұбанованың бастауымен микробиология кафедрасында жаңа бағыт – фотобиотехнология дамып келеді. Өндірістік қалдық ағын суларды тазалаудың әдістері жүзеге асырылып, спиролина микробалдырының негізінде тауықтардың жұмыртқа басуы мен балапандардың өсуін жеделдететін ББҚ ойлап табылды. «Спирулина лайф» препараты ҚР-ның Денсаулық сақтау министрлігінде тіркелген.

А.А. Жұбанованың бастауымен ғылыми зерттеулерді жоспарлаудың жаңашылдық әдістері енгізілді, жасалған жұмыстар мен тәжірибелер нәтижелері жаңа биотехнологияның туындауына ғана емес, оқу процесінің барлық сатысында қолдануға мүмкіндік алды.

ҚР ҰҒА, ҚР БҒМ және т.б. мекемелердің қаржыландыруымен жүргізілетін ғылыми жобаларға қатысып, үнемі ізденудің арқасында оның басқаруымен 20 кандидаттық, 5 докторлық және 3 PhD диссертациялары қорғалып, 500 астам еңбек басып шығарылды.

Ажар Ахметқызы – көпқырлы тұлға. А.А. Жұбанованың кең эрудициясымен қатар оқушыларына қатал қатынасы оны нағыз ұстаз етті. Ол көп уақытын қоғамдық жұмыстарға, жастар мен гендерлік мәселелердің шешіміне, Қазақстан Республикасындағы ұлттық нақыштар мен салт-дәстүр мұрасын танытуға арнайды.

Профессор А.А. Жұбанова «Социальный портрет современной казахстанской семьи» республикалық конференция жұмыстарына қатысқан, «Знакомство с культурным наследием – важнейший путь воспитания казахского патриотизма», публицистикалық мақалаларын газеттер мен журналдарда жариялайды, «Ахмет Жұбанов – қазақ халқының ұлы» кітабының, «Енем туралы аңыз» кітабының, Ахмет Жұбановтың 100 жылдығының құрметіне «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Ахмет Жұбанов» деректі фильмінің сценарийінің авторы.

2006 жылы ЖАК ұсынуымен ғылым мен білім жолындағы зор еңбегі үшін А.А. Жұбанова Білім министрлігі атынан «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталды, 2007 жылы «Лучший ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағы берілді, 2008 жылы «Астананың 10-жылдығы» омырау белгісімен марапатталған, 2009 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75-жылдық мерейтойына орай, А.А. Жұбанова Үлкен күміс медалімен және 2013 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Ажар Ахметқызы тамаша отбасын құрып, балалары мен немерелерін тәрбиелеуде. Ол кісінің көрегендігі мен кеңпейілділігі, өзгені түсінуге деген құштарлығы мен өзгені түсіне білуі, әрқашан көмек беруге талпынысы – екінің біріне беріле бермейтін қасиет.

**ПРОФЕССОР А.А. ЖҰБАНОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ  
ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН  
ДИССЕРТАЦИЯЛАР**

***Докторлық диссертациялар***

1. Джусупова Д.Б. Биоремедиация объектов окружающей среды углеводородокисляющими микроорганизмами рода *Pseudomonas*. – Алматы, 2010.
2. Заядан Б.К. Роль фоторофных микроорганизмов в мониторинге, функционировании и ремедиации водных экосистем. – Алматы, 2006.
3. Савицкая И.С. Методологические принципы разработки комплексной биологически активной добавки с антимуtagenными и пробиотическими свойствами. – Алматы, 2009.
4. Тажибаева С.М. Коллоидно-химические свойства биодисперсий. – Алматы, 2007.
5. Тулемисова Ж.К. Микробиологические основы создания и использования биопрепаратов пробиотического действия. – Алматы, 2003.

***Кандидаттық диссертациялар***

1. Акмуханова Н.Р. Микробалдырлардың Алматы қаласының ластанған қалдық суларды тазарту жүйесін биоиндикациялау және тазалаудағы ролі. – Алматы, 2004.
2. Кирбаева Д.К. Биотехнологияға маңызды цианобактерия *Spirulina platensis*-тің өнімді өнімді штамдарын сұрыптап алу, өсіру және қолдану. – Астана, 2008.
3. Тургенова О.М. Ақтөбе қаласының хроммен ластануын экологиялық бағалау және адам денсаулығына әсерін болжау. – 2005.

4. Уалиева П.С. Табиғи көміртектендірілген тасушыларға иммобилизденген микроорганизм клеткалары. – Астана, 2002.
5. Абдиева Г.Ж. Изучение биологических особенностей *Bacillus subtilis*, выделенных из зерна пшеницы различных регионов. – Астана. 2001.
6. Абишева А.К. Карбонизированные сорбенты на основе скорлупы грецких орехов и виноградных косточек. – Алматы, 2000.
7. Баубекова А.С. Углекислородфиксирующая способность иммобилизованных клеток гетеротрофных бактерий. – Астана, 2006.
8. Дигель И.Э. Влияние ионов переходных металлов и водорастворимых полимеров на прикрепление дрожжевых клеток к твердым поверхностям. – Алматы, 1998.
9. Дошанова Б.К. Поиск ингибиторов и стимуляторов роста микроорганизмов среди полусинтетических препаратов на основе растительных соединений. – Алма-Ата, 1989.
10. Ерназарова А.К. Конструирование циано-бактериальных ассоциаций на основе бактериологически чистых культур цианобактерий. – Астана, 2010.
11. Кабидолданова Г.Ж. Пробиотические свойства свободных и иммобилизованных клеток лактобацилл. – Астана, 2006.
12. Кайырманова Г.К. Изучение свойства биокатализаторов, полученных на основе клеток дрожжей, иммобилизованных на модифицированных носителях. – Алматы, 2001.
13. Кистаубаева А.С. Биотехнология получения иммобилизованного пробиотического препарата «Рисо-Лакт». – Астана, 2009.

14. Курманбеков А.С. Биосорбенты на основе карбонизованных абрикосовых косточек и рисовой шелухи. – Алматы, 2008.
15. Мусаева Ж.К. Экологические основы моделирования микробиологической очистки нефтезагрязненной почвы месторождения Жетибай. – Алматы, 2009.
16. Риад, Мухаммед Риад. Пробиотические свойства новых антибиотикорезистентных штаммов бифидобактерий. – Алматы, 2005.
17. Садвакасова А.К. Получение мутантных штаммов *Chlamydomonas reinhardtii* устойчивых к кадмию, для применения в экобиотехнологии. – Астана, 2006.
18. Сармурзина Р.Г. Некоторые механизмы повреждающего действия нистатина (натриевой соли) на опухолевые клетки. – Алма-Ата, 1976.
19. Чижаева А. Метаболические особенности и стабилизация свойств новых штаммов молочнокислых бактерий. – Алматы, 2001.
20. Шупшибаева К.К. Изучение закономерностей роста свободных и иммобилизованных клеток дрожжей и молочно-кислых бактерий на молочной сыворотке. – Алматы, 1995.

*PhD диссертациялар*

1. Акимбеков Н.Ш. Эфферентные свойства карбонизованной рисовой шелухи. – Астана, 2011.
2. Кожалакова А.А. Исследование процесса адсорбции бактериального липополисахарида наноструктурированными карбонизованными материалами. – Алматы, 2010.
3. Садыков Р.Ш. Биофизические аспекты воздействия ионов свинца на биообъекты. – Алматы, 2008.

## ***ПРОФЕССОР А.А. ЖҰБАНОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР***

1. Есали А. Иранбағы білімнің / А.Есали // Қазақстанның жоғары мектебі-Высшая школа Казахстана. – 2014. - №2. – 93-97 б.
2. Жұбанова Ажар Ахметқызы // Мұғалжар энциклопедиясы / ред.алқа: Н.Қалиева, К.Кенжеғалиев, Б.Жартиң, Н.Кесікқұл, Қ.Сарқұлов. – Мұғалжар, 2011. – 352 б.
3. Жұбанова Ажар Ахметқызы // Қазақстан ғалымдары: энцикл. анықтамалық / ҚР Мәдениет және ақпарат м-гі, Ақпарат және мұрағат комитеті; бас ред. мүшелері Ғ.Мұтанов және т.б. – Алматы, 2012. – 1 том. - 520 б.
4. Жубанова Ажар Ахметқызы // Кто есть кто в Казахской науке: справочник / гл.ред. А.Нысанбаев. – Алматы, 1999. – с.462.
5. Жубанова Ажар Ахметовна // Ақтобе: энциклопедия. – Ақтобе. – 2001. – с.430-431.
6. Жубанова Ажар Ахметовна // Кто есть кто в Казахстане: биографическая энциклопедия / Д.Ашимбаев. – Алматы, 2006. – с.295.
7. Жубанова Ажар Ахметовна // Кто есть кто в Казахстане: биографическая энциклопедия / Д.Ашимбаев. – изд. 11, доп. - Алматы, 2010. – с.426.

## ***ПРОФЕССОР А.А. ЖҰБАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ***

***1999***

1. Биология пәндерінен мемлекеттік тілде дәріс оқудың кейбір терминологиялық мәселелері // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі: Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған респ. ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Астана, 1999. – 118-122 б.

2. Профессор Қ. Жұбановтың терминологиялық принциптері негізінде қазақ биология терминдерін жасау // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі: респ. ғылыми-теориялық конф. материалдары. – Алматы, 1999. – 97-102 б.

***2000***

3. Использование отходов сельскохозяйственного производства – скорлупы грецких орехов – для иммобилизации дрожжевых культур // Поиск. – 2000. - №1. – 39-44 с.

***2006***

4. Биотехнология негіздері: оқу құралы / А.А. Жұбанова, Г.Ж. Абдиева, Қ.К. Шөпшібаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 110 б.

5. Жұбанова А. Ахмет Жұбанов - қазақ халқының атақты ұлы / А. Жұбанова. - Алматы: Көркем баспасы, 2006. - 40 б. (кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)

6. Ахмет Жұбанов: история и личность // Ғасырлар пернесінің жыршысы: академик, композитор А.Қ. Жұбановтың 100 жылдығына арналған респ. ғылыми конф. материалдары бойынша. - Ақтөбе, 2006. – 98 б.

7. Инженерлік энзимология: оқу құралы / А.А. Жұбанова, Қ.К. Шөпшібаев, П.С. Уәлиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 108 б.

8. Селенмен байытылған цианобактерия *Spirulina platensis* биомассасының тауық балапандарының салмағы мен қан құрамына әсері // Ізденіс. – 2006. - №4. – 26-30 б.

9. Ахмет Жубанов: жизненные зигзаги в ракурсе исторических коллизий // Ахмет Жубанов. – Алматы, 2006. – 33-41с.

10. Влияние степени гидрофобности клеток микроорганизмов на их сорбционную активность в отношении карбонизованных сорбентов // Поиск. – 2006. - №3. – 22-28 с.

11. О нашей семье: к 100-летию А.Жубанова // Актюбинский ветник. – 2006. – 13 января. – 11 с.

## **2007**

12. Семь нот в семье Жубановых: (из воспоминаний дочери композитора) / подгот. М.Тугилова // Актюбинский ветник. – 2007. – 7 июня. – 11 с.



## **2012**

13. Жұбанова А.А. Суретті және сызбалы микроорганизмдер метаболизмі: оқу құралы / Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 130 б.

## **2013**

14. Дигель И.Э. Көрнекті вирусология: оқу құралы / Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 170 бет.

## **2014**

15. Тілдер әлемі және мәдениетаралық қарым-қатынас [12-13 желтоқсан 2014 жыл]: Қ. Жұбановтың 115 жылдық мерейтойына арн. халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / К.К.Кенжебаев, А.Қ.Жұбанов, А.А.Жұбанова және т. б. Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ РББ, 2014. - 356 бет.

16. Модельді тәжірибелерде жаңа кешенді биопрепараттардың жараны жазу қасиетін зерттеу // Современные актуальные проблемы естественных наук: материалы междунар. конф. – Ақтобе. – 2014. – 272-276 б.

17. Шығу тегі әртүрлі эндотоксиндердің тауық эмбрионына пирогенді әсерін зерттеу // Современные актуальные проблемы естественных наук: материалы междунар. конф. – Ақтобе. – 2014. – 254-257 б.

## 2016

18. Жубанова А. Өнегелі өмір / А. Жубанова. - под.ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 372 б.

19. Жұбанова Ажар Ахметқызы: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.: А.С. Қыстаубаева, Н.Ш. Акимбекова, Қ.Т. Тастамбек, А.Қ. Ерназарова; жауапты ред.: М.М. Бүркітбаев, Б.К. Заядан . Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 130 б.

## МАЗМҰНЫ

*Алғы сөз* ..... 4

<i>Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, профессор Жұбанова Ажар Ахметқызының өмірінің және қызметтерінің негізгі кезеңдері . . . . .</i>	<i>5</i>
<i>Ғылыми атағы мен дәрежелері . . . . .</i>	<i>6</i>
<i>Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Ажар Ахметқызы Жұбанованың ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі . . . . .</i>	<i>7</i>
<i>Профессор А.А. Жұбанованың ғылыми жетекшілігімен қорғалған диссертациялар . . . . .</i>	<i>11</i>
<i>Профессор А.А. Жұбанованың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер . . . . .</i>	<i>14</i>
<i>Профессор А.А. Жұбанованың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші . . . . .</i>	<i>15</i>